

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ РЕФОРМАЛАРЫ

Аннотация. Мақалада Ресей империясының ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанды бөлшектеп басқару мақсатында жүргізілген реформалары жөнінде қарастырылады.

Түйін сөздер: протекторат, округ, губерния, жарғы, реформа, шенеунік.

Патша өкіметі қазақ даласын түпкілікті билеу үшін әуелі әртүрлі реформалар жүргізіп, қазақтың елдік-этникалық ұйытқысын ірітіп, ұлыстарды бөлшектеп, оларды губернияларға, округтерге теліп, ұлтанды елді тұтастықтан айырды. Рас, олар мұның бәрін бірден жүзеге асыра қойған жоқ. Бұқпантайлап, торғай ұстаған мысықтай, жақыннан қармау үшін алыстан арбап, зымияндық саясат жүргізді. Патша өкіметі оны кезең-кезеңімен іске асырды.

Оның алғашқысы – жылдан 1822 жылға дейін созылған ел билеу жүйесіндегі протектораттық дәуір, яғни күшті мемлекеттің әлсіз мемлекетке формальды түрде болса да қамқорлық жасау саясатын жүргізу еді. Бұл кезде патша өкіметі ел билеудің бұрынғы хандық жүйесін сақтап, оның ішкі тірлігіне араласпай, тұзақты алыстан құрып, сырт иелігін жасады, яғни қазақ елін өзіне жағынып, бас шұлғып, бағынышты болған хандар арқылы басқарды. Сөйте тұра, қазақ жұртының арасына өз білімдар адамдарын қаптатып, ғылымды бет перде етіп алға ұстап, соның тасасында тұрып, елдің әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мінез-құлқын жан-жақты зерттеп, қазақ халқының осал тұстарын пайдалануға тырысты. Оны меңгергеннен кейін хан тағына үміткер ханзадалар мен сұлтандар арасында ши жүгіртіп, оларды тақ таласына итермеледі. Солардың ішінде шенге құмар, атаққұмарлары ерекше бағалап, бұлардан патша өкіметі ештемені де аяған жоқ. Патша отаршылары қазақ жұртшылығының арасына алауыздық ұрығын осылайша енгізе бастады¹.

Ресей империясы ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстандағы хан билігін жоятын уақыт келіп жетті деген қорытындыға келді. Бұған бірнеше алғышарттар жеткілікті деп санады. Біріншіден, қазақ хандары дала тұрғындарының басым көпшілігінің алдында өздерінің беделінен айырылып қалды. Жергілікті байырғы халық патша үкіметі тағайындаған хандарды баяғыдай дербес ел басқарушылар емес, көбінесе Ресей империясының кәдімгі көп шенеуніктердің бірі ғана деп қабылдады. Патша үкіметі әр жүздің (әсіресе Кіші жүз бен Орта жүздің) бұрыннан бар хандардың қатарына жаңа хандарды қосып отырды.

Екіншіден, бұл кезде патша үкіметі Кіші жүзді де, Орта жүзді де бірнеше әкімшілікке бөлшектеген еді. Мұның өзі патша үкіметінің көшпелі қазақтарды басқаруына өте қолайлы болып шықты. 1788 жылы Ертіс бойындағы қазақтардың сұлтан Сұлтанбек басқарған бір бөлігі Ертіс өзенінің оң жағында «мәңгілік көшіп-қонып жүру» құқығына ие болды.

Сөйтіп Орта жүз бірі Ертістің оң жағалауы, екіншісі Ертістің сол жағалауы болып екіге жарылады. 1801 жылы Жайықтың оң жағалауында Кіші жүзден бөлінген Ішкі Орда құрылғанын айттық. Оның үстіне, 1808 жылғы ашаршылық кезінде Кіші жүздің мыңға жуық қазағы башқұрт кантондарының аумағына уақытша көшірілді. Бір кездегі біртұтас жүздердің арасында ендігі жерде ешқандай да еркін байланыс жасау мүмкіндігі қалмады, өйткені ондай байланыс жасауға қатаң тыйым салынды.

Үшіншіден, ХІХ ғасырдың бас кезінде Шыңғыс ұрпағы бірқатарының патша үкіметінің әкімшілігіне белсенді қарсылық білдірген оқиғалары көбейіп кетті. Ал ақыр соңында, патша үкіметі Франциямен

соғыс аяқталғаннан кейін жеткілікті әскер күші мен адам ресурстарына ие болды. Мұның өзі оның тәуелсіз қазақтардың заңды билігін — хан билігін біржолата жоюға итермеледі. Өйткені хан билігінің сақталуы патша үкіметінің өлкені шаруашылық тұрғысынан кең көлемде отарлауына кедергі келтірген еді².

1822 жылы орыстың белгілі мемлекет қайраткері М. Сперанскийдің басшылығымен «Сібір қырғыздары» туралы жарғы дайындалды, оның көмекшісі кейін желтоқсаншы болған Г. Батеньков болды, 1824 жылы «Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы» — деген құжат негізінде патша үкіметі қазақ жерін басқару тәртібі жөніндегі заң шығарды. Осы заң бойынша Орта жүз бен Кіші жүз хандықтары жойылды. Кіші жүзде (соңғы хан Шерғазы Айшуақов) хандық биліктің орнына Ресейдегі сияқты әкімшілік-саяси басқару жүйесі қалыптасты. Ал Орта жүзде “аға сұлтан” деген басқарушы қызмет енгізілді. Орта жүз жекелеген әкімшіліктерге бөлініп, Омбы қаласының ішкі округтері деп саналды. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Болысқа бөлудің негізіне рулық емес, территориялық бөліну принципі алынды. Сондықтан жаңа заңды іске асыру барысында рушылдықтың іргесі сөгіліп, айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Саяси реформаның салдары:

- 1) Басқаруды жеңілдетіп, өзара рулық қырқыстарға біршама тиым салды.
- 2) Өлкені шаруашылық жағынан игеруге қолайлы алығишарт жасалды.
- 3) Ресейдің отаршыл саясатын кеңейтуге жол ашты³.

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы жарғының» кемшілік тұстары көп еді. Сондықтан оның орнына 1844 жылы «Орынбор қырғыздары туралы ереже» шықты. Кіші жүзге жалпы басшылық жасауды Орынбор шекара комиссиясы жүргізді. Жаңа ереже бойынша билер сотына барынша шектеу қойылды, ол ұсақ мәселелерді ғана қарайтын болды. Үкіметке қарсы әрекеттер жасау, кісі өлтіру, қарақшылық жасап ел тонау, барымталау сияқты қылмысты істерді әскери сот қарастырды. Алаяқтылық, бұзақылық 50 сомнан жоғары мүліктік талап сияқты істер Ресей империясы Шекара комиссиясының жанындағы жалпы заңдар негізіндегі қаралды. Басқарушы сұлтандардың жанында шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын жүргізетін бір-бірден қазақ фельдшері болды.

1822-1824 жылдардағы жарғыларды енгізудің салдары. Бұл жарғылар негізінен алғанда алысты көздейтін арам ниетті пиғылмен жасалған еді. Соның салдарынан Кіші жүз және Орта жүз қазақтары өздерінің дәстүрлі мемлекеттігінен айырылып қалды, Қазақстан бірте-бірте Ресей империясының отарына еніп, бұрын қалыптасқан рулық ұжымдар бір-бірімен мидай араласып кетті. Бір кездегі дамыған көшпелі мал шаруашылығы тұйыққа тіреліп күрт құлдырай бастады.

Патша үкіметі мемлекеттік салықты қатаң белгіленген мөлшерде бекітті. Елден жиналатын алым-салық шенеуліктен аппарат пен әскери күштерді ұстауға қажетті қаржы көзіне айналды.

Қорыта айтқанда, Патша үкіметінің бұл реформалары қазақ рубасылары мен сұлтандарынан іріктелген, айтқанды екі еттірмейтін орындайтын «Тәртіпті аппарат» құруды одан әрі күшейтті. Оларды қызметке тағайындау да, қызметінен алып тастау да Ресейдің аймақтық басшылығының көзқарасы мен көңіл күйіне тікелей байланысты болды⁴.

Неміс зертеушілерінің бірі Ф. Шварц былай деп жазды: «Округ басшылары неғұрлым тиімді де пайдалы болыс лауазымын параны кім көп берсе, соған сатудан тіпті де тартынбайды». Сайлаудан мұндай сикы бір руды екінші руға қарсы қойып, өзара өшіктірді. Ал аға сұлтандарды сайлауға қара сүйек өкілдерінің де қатысуына рұқсат етілген кезде сұлтандар мен рубасыларының бір-біріне қарама-қарсылығы күшейе түсті⁵.

Округтық приказдар империяның қазақ даласындағы және Орта Азия иеліктеріндегі әскери-отаршылдық әрекеттерін одан әрі өршітудің әзірлік алаңдарына айналды. Сұлтандардың бір бөлігі, әсіресе жаңа қызмет лауазымдарын бөлу кезінде ескерусіз қалған бөлігі, патша үкіметінің реформаларына қарсы шықты. Орыс мемлекетінің отарлау саясаты қазақтың ел басқару ісіне қойған адамдарының небір өрескелдіктерді істеуіне жол ашты. Олар алым-салықты көбейтіп, патша әкімшілігінің, жергілікті өкімдердің пайдасына халықтың малын, қаржысын алып, өздерін бет қаратпай бағынышты етіп ұстағысы келді. Ал, қазақ шаруалары өздерінің адамдық құқын пайдаланып, біз де бір атаның ұрпағымыз деп зорлық-зомбылыққа көңісі келмеді, әділдік пен адалдықты көргісі келді. Міне, осыдан келіп, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы басталды. Дегенмен де, XIX ғасырдың I жартысындағы реформалардың отаршылдық сипаты мен мәні күшті болғанына қарамай, олар қазақ даласында сауда-саттықты, денсаулық сақтау ісін және халыққа білім беруді едәуір дамытуға оң ықпалын тигізді⁶.

Резюме

В данной статье рассматриваются реформы Российской империи в I половине XIX века, проводимые с целью разделения Казахстана.

Resume

Reforms of the Russian Empire in the I part of the XIX century with the purpose of Kazakhstan's division have been considering in the article.

-
- ¹ Қабылдинов З. Е., Қайыпбаева А. Т. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. — Алматы, 2008. — 111-112-бб.
- ² Қазақ тарихы. — 1996. — № 10. — 2000.
- ³ Бекмаханов Е. Б. XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан. — Алматы, 1992. — 38-40-б.
- ⁴ Демко Д. Орыстардың Қазақстанды отарлауы. — Алматы, 1997. — 14-15-б.
- ⁵ Ақтаев С. «Жаңа ереже» деген не? // Ақиқат. — 2000. — №12. — 58-б.
- ⁶ Жақыпбек С. Қ. Қазақ елін Ресейдің жаулауы: басталуы, жүруі // ҚазҰУ Хабаршысы. — 2010. — № 2 (29). — 36-40-бб.